

	Мазмұны	
Кіріспе		3
1 Бөлім. Зейнетақы қорланымшының жалпы түсінігі, заңы, есеппен жүйесі		5
1.1 Зейнетақы қорының түсінігі		5
1.2 Зейнетақы қоры туралы заң		6
2 Бөлім. Қазақстанның зейнетақы жүйесі: оның өздігінен даму проблемалары		13
2.1 Зейнетақымен қамсыздандыру ерекшеліктері		13
2.2 Зейнетақы жүйесінің дамуы		15
2.3 Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің проблемалары		18
Қорытынды		21
Пайдаланған әдебиеттер тізімі		22

Кіріспе

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі бірақ қоғамдық экономикалық жүйені және соған сай адамдардың экономикалық ой - өрісінің қайта қалыптасуын талап етеді. Қазіргі заманғы демократиялық қоғам қалыптастыру идеясынан туындайтын, стратегиялық мақсаттарды шешу жолдарын нұсқап, отандық әрі әлемдік экономикалық проблемаларды көтере алатындай болуы қажет. Міне, осындай өзекті міндеттерді қалыптастырамыз.

Қоғамдық қатынастары жүйесінде экономикаға ерекше орын беріледі, себебі ол саяси, құқықтық, рухани және басқа да қоғамдық өмір саласын мазмұнын анықтайды.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауында «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 22 бағытында жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту саясатын айтып кеткен болатын. Мұнда Үкімет жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Негізгі өзекті міндеттер мыналар: Біріншіден, зейнетақылық жинақтаулардың сақталуы мен кәрілік жеткен кезде олардың жетерлік мөлшерде болуы жөнінде мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету. Екіншіден, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен барынша қалту.

Біз зейнеткерлерімізді қолдау көлемін ұдайы арттырып келеміз. Халықтың зейнетақылық жинақтаулары тұрақты түрде көбеюде, оның көлемі 1,1 триллион теңгеден асып түсті. Бұл тұтас алғанда 2007ж қарағанда зейнетақылардың орташа мөлшерін 2012ж қарай 2,5 есе, оның ішінде 2009ж. 25%, 2010ж. 25% және 2011ж. 30% арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте 2011ж. арқаулық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі күн өріс мөлшеріне қарай 50% дейін өсіруге тиіс.

Жалпы Қазақстанда зейнетақы жүйесі 1998ж. құрылған болатын. Қазіргі таңда ең төменгі зейнетақы – 12 600 теңге, ал жоғарғысы – 26 000 теңге құрауда. Бұл көбінесе азаматтардың еңбек саласында қай бағытта

істеуіне байланысты беріледі. Яғни әйел адамдар үшін зейнеткерлік жас 55, ал ер адамдар үшін 63 жас болып табылады.

Курстың мақсаты Қазақстан Республикасында зейнетақы жүйесінің дамуы және олардың ерекшеліктері туралы қарастырамыз. Яғни болашақта зейнетақы қандай болмақ және өзін - өзі басқару жүйесін қарастырып, ел экономикасына қандай деңгейде әсерін тигізетінің әлеуметтік жағдайды қалыптастыру бағытын қарастыру болып табылады.

1 бөлім. Зейнетақы қорларының жалпы түсінігі, заңды есептелу
жүйесі

1.1 Зейнетақы қорының түсінігі

Республикада 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымындағы мемлекеттік зейнетақыға шығу ережелері мен тәртіптерін және зейнетақы жинақ қоры жүйесінен зейнетақымен қамтамасыздандыруын реттеуші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы өз күшіне енді.

Зейнетақымен қамтамасыздандыру екі жүйеден тұрады:

ортақ жүйеден (зейнетақыны төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтан зейнетақымен қамтамасыздандыру);

жинақтаушы зейнетақы жүйесі (жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамтамасыздандыру).

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізі өздерінің қарттық кезеңдерінің әл-ауқаттылығына жауап беруші азаматтардың жеке жауапкершілігімен жасалынған салымдардың және зейнетақы төлемдерінің арасында тікелей байланысты орнату.

Міндетті зейнетақы төлемдері есебінен құрылатын зейнетақы жинағынан төленетін зейнетақы төлемдері, жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін ерікті кәсіби зейнетақы салымдарын құру ережесі.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы заң қабылданды. Бұл заңда көрсетілгендей негізгі зейнетақы мемлекеттік негізгі трансферттік төлемдерінің ішіне кіреді және мемлекеттік бюджеттің себепші факторы ретінде қалыптасқан. Зейнетақы қорының өзектілігі - бұл мемлекеттік жарна ретінде де қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 681 қаулысы

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі;

2) Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесі бекітілсін.

2. Қосылмаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің күбір шешімдерінің күші жеткілікті деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

1.2 Зейнетақы қоры туралы заң

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінде көрсетілген.

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы

жынақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жынақтарының төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі.

1. Жынақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен төленетін зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша зейнетақы жынақтарын алушының сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру ұйымына аудару жолымен немесе зейнетақы жынақтарын алу жолымен жүзеге асырылады.

2. Жынақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының есебінен кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдері Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында көзделген шарттар туындаған кезде жүзеге асырылады.

3. Жынақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін Заңның 23-бабы 1-тармағының 2) - 4) тармақшаларында, 23-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға алушының сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының негізінде зейнетақы жынақтарын аудару жолымен жүзеге асырады.

Зейнетақы аннуитетінің шарты болмаған жағдайда көрсетілген адамдар Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жынақтаушы зейнетақы қорларынан кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алады.

4. Жынақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жынақтарын алуды:

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

2) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен адамдар жүзеге асырады.

5. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын алушылар болып табылатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) облыс, Астана, Алматы қалаларының Көші-қон полициясы басқармасы бастығының немесе басқарма бастығы орынбасарының қолымен расталған (мөр қойылмайды) тұрақты тұратын жеріне кетуі туралы "ТТВ" (тұрағын тұрақты визасы) сериясындағы Қазақстан Республикасының визасы бар азаматтығы жоқ адамның тәлқұжатының немесе куәлігінің көшірмесін және көз жеткізу үшін түпнұсқасын;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасаған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

6. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын алушылар болып табылатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) азаматтығы жоқ адамның нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңдастырылған тәлқұжатының не куәлігінің көшірмесін;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасаған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

7. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін Қазақстан Республикасының азаматтары:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) визалық дермен немесе облыстың (Астана, Алматы қалаларының) Көпі-қон полициясы басқармасы бастығының немесе басқарма бастығы орынбасарының қолымен куәландырылған, белгіленген үлгідегі мәртабаны бар (кету күні мен тұратын мемлекет көрсетілген) төлқұжатының көшірмесін және көз жеткізу үшін төлқұжаттың түпнұсқасын;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

8. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңдастырылған төлқұжаттың және кету фактісін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

9. Егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен алушы осы Ереженің 5-3-тармақтарына сәйкес кәмелетке толмаған адам болса, ата-аналары (асырап алушылары, қамқоршылары, қорғаныштары):

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмаған адамның нотариалды куәландырылған және заңдастырылған туу туралы куәлігінің көшірмесін;

3) Қазақстан Республикасы Бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмаған бадам туралы мәліметтер бар құжаттардың нотариалды куәландырылған және заңдастырылған көшірмелерін;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры мен сапымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

10. Алушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорына мынадай құжаттар:

1) қайтыс болған алушының отбасы мүшелері немесе жерлейтін адам жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін

осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

қайтыс болған алушының отбасы мүшесінің немесе жерлеген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) қайтыс болған алушының зейнетақы жинақтарын мұрагерлері алуы үшін:

осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады.

11. Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті почта байланысы құралдары немесе сенім жүктелген адам арқылы берген жағдайда, алушының жеке басын куәландыратын, осы Ереженің 5-10-тармақтарында көрсетілген құжаттар нотаариалды куәландырылады.

Егер алушы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішін сенім жүктелген адам арқылы берсе, соңғысы сол сияқты жинақтаушы зейнетақы қорына сенімқаттың түпнұсқасын, өзінің жеке басы куәлігінің көшірмесі мен көз жеткізу үшін оның түпнұсқасын ұсынады.

12. Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін осы Ережеде көзделген құжаттарды алған сәттен бастап он бес күн ішінде жүзеге асырады.

13. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерін деректемелері төлемдерді тағайындауға арналған өтініште көрсетілген алушының банктік шотына аударады. Зейнетақы жинақтарына аудару жөніндегі банктік қызметтер көрсетуге ақы төлеу жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен жүргізіледі.

Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы

жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын кесте бойынша

зейнетақы төлемдері түрінде төлеуді

жүзеге асырудың тәртібі

14. Зейнетақы жинақтарын кесте бойынша алушы жинақтаушы зейнетақы қорына:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты;

4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық), зейнеткерлікке шығу негіздерін көрсете отырып, зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы анықтаманы ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы төлемдерін почта байланысы құралдары немесе сенім жүктелген адам арқылы жүзеге асыруға өтініш бергенде, алушының жеке басын куәландыратын құжат нұсқаралды куәландырылады.

Алушы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті сенім жүктелген адам арқылы берген жағдайда, соңғысы сол сияқты жинақтаушы зейнетақы қорына сенімхаттың түпнұсқасын, өзінің жеке басы куәлігінің көшірмесі мен мөз жеткізу үшін оның түпнұсқасын ұсынады.

15. Жинақтаушы зейнетақы қорлары ең төменгі зейнетақы мөлшерін белгілейтін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң қолданысқа енгізілгеннен кейінгі бір ай ішінде Орталықтан жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынатын алушылардың зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері туралы деректердің көзінде кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшерін жыл сайын қайта есептейді.

16. Ерлікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшері зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімімен белгіленеді.

17. Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерінің кестесін қамтитын және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді әзірлейді және алушының қарауына ұсынады.

2 бөлім. Қазақстанның зейнетақы жүйесі: оның өздігінен даму проблемалары

2.1 Зейнетақымен қамсыздандыру ерекшеліктері

Қазақстанда бұрын еңбек немесе әлеуметтік сыйақының төлейтін тек мемлекет зейнетақымен қамтамасыз ету орын алған болса, нарықтық қатынастарға көшуге байланысты жаңа жинақтаушы нысанды құру қажеттілігі туды. Алайда Қазақстанның қаржы өрісінде зейнетақылық қорлар ерекше орын алады, олар-шын мәнінде ең ірі ішкі инвесторлар.

Зейнетақы қорларының ерекшеліктері сонда, олар зейнетақы активтерін шоғырландыра отырып, іс жүзінде республиканың бүкіл экономикасында белсенді қалып болып табылатын өзінің салымшылары алдында белгілі бір көп жылдық міндеттемелерге бағдарланған. Бүгінгі күннен бастап олар келешекте екі бағытта қамтамасыз етеді:

- коммерциялық сыйақыны қамтамасыз ету себебінен зейнетақы көлемдерін арттыру;
- ұлттық экономикадағы жеке жобаларды инвестициялау;

Атап айтқанда, зейнетақы саласы жай емес өрістерден қалыптасатын, нақты шартты анықтау үшін шешімнің көптеген варианттарын және олардың ішкінен ең жақсысын тандап алуды талап ететін күрделі бір қалыпсыз жүйемен ерекшеленеді. Осы себептен зейнетақы қызметтері нарығының қызмет ету және даму заңдылығын зерделеудің әдіснамалық негізгі күрделі жүйелер ретінде берілетін объектілер теориялық зерттеулер қажидаларының жиынтығымен сипатталатын тек жүйелік көзқарас бола алады. Оның сөзсіз пайдасы-олар өзара байланысқан элементтер түрінде берілетін жиынтық зейнетақы қарым-қатынасының танып үдерісін айтарлықтай көрсетеді.

Зейнетақы жүйесі-белгілі бір қасиеттері бар түпнегізгі біртұтас құрамдас бөліктердің жиынтығы. Зейнетақы жинақтаушы жүйесінде мұндай қосық жүйе зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, банкілер, реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі т.б. болып есептеледі, олар да жүйенің өзі сияқты үйлесімсіз, күрделі және бір қалыпсыз болады.

Күрделі жүйелер негізінен жай-күйі, тепе-теңдік, тұрақтылық сияқты ұғымдармен сипатталады. Зейнетақы жүйесін зерттеген кезде басқа қасиеттерін де: тұтастығын (зейнетақы қызметтерінің нарығын құрастыратын элементтердің өзінсіз сомасы емес, бірегей біртұтастығын), қозғалыстың үздіксіздігін (санның өзгеруі мен құрастырушылар санын, олардың өзара байланысының сипатын қамтитын күрделі үдерістігін), лауазымдық сатылығын (басқарудың түрлі деңгейлерінің болуын), коммуникативтілігін (өзара және сыртқы ортамен байланыстың жиынтығымен байланысты, басқа нысандардан жүйе оқшау бола алмайтындығымен), геобиценоз (жүйенің дамуын), басқару арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға қабілеттілігін (заңдық актілер, үкіметтік бағдарламалар, мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету арқылы) ескерген жөн.

Біз зейнеткерлерімізді қолдау көлемін ұдайы арттырып келеміз. Халықтың зейнетақылық жинақтаулары тұрақты түрде көбеюде, оның көлемі 1,1 триллион теңгеден асып түсті.

Бір тұтас алғанда 2007 жылға қарағанда зейнетақылардың орташа мөлшерін 2012 жылға қарай 2,5 есе, оның ішінде 2009 жылы-25 пайыз, 2010 жылы-25 және 2011 жылы 30 пайыз арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте 2011 жылы арқаулық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі күнкөріс мөлшеріне қарай 50 пайызға дейін өсірілуіне тиіс.

Зейнетақы активтері- зейнетақы төлемдері мен аударымдардың сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдарды ҚР-ң заңдарында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым- жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңи тұлға. Зейнетақы төлемдері орталықтан 1998 жылғы 1 қаңтардағы жай- күйі бойынша келінде алты ай еңбек өтімі бар жеке адамдарға заңдарда белгіленген тәртіппен еңбек өтіліне бара - бар түрде жүзеге асырылатын ақша қаражаттарын төлеу. Жеке зейнетақы шоты

салымшының (алымшының) жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке атаулы шотында ҚР-заңдарына сәйкес оның міндетті не ерікті зейнетақы жарналары немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық кірісі, өсімі және өзге де түсімдер есепке алынады және содан зейнетақы төлемдері төленеді. Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ ҚР-ң заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңи тұлға.

Ерікті зейнетақы жарналары - ҚР-ң заңдарында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы шартта белгіленетін тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы. Ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы-ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің жеке қаражаты есебінен алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңи тұлға. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары- ҚР-ң Үкіметі белгілейтін кәсіптер тізбесі бойынша және ҚР- заңдарында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен салымшыларды өз бастамасымен қызметкерлердің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы.

2.2 Зейнетақы жүйесінің дамуы

Халықты зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі кез келген ұйымдастырылған білім беру сияқты өзгерістерге ұшырады, өз салымшыларының мүдделерін қорғайтын сұлбаға түсті. 1991 жылдан бастап Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыруды жүргізу құрылымы мен қағидаларын жаңа экономикалық қарым-қатынастарға сәйкес келтіре бастады. Қазақстанда зейнетақыны қайта жалғастырудың жөнелтілім нүктесінің бағдарламасы «1994 жылғы республикалық бюджетті нақтылау

туралы» заңды қабылдау болып есептеледі, мұнда зейнетақыны қарттығына байланысты және мүгедектігі бойынша, жәрдемақы асраушысынан айырылған кезде берілетін және әлеуметтік зейнетақылар деп бөлу айналыс рет енгізілді. Сол кездерде Зейнетақы қоры Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағына өтіп кетті. Зейнетақымен қамсыздандырудағы жүргізілген тәртіпке келтіру бюджеттен жүктеменің бір бөлігін алуға, қарттығына байланысты зейнетақыны қалыптастыруға қаражатты аудару жұмыс берушілер мен жұмыс істеушілердің өздеріне, жеке меншік кәсіпкерлерге жүктеледі. Алайда, қабылданған анықтама сәйбес келмейтігі сияқты. Кейбір кәсіптер мен мамандықтар жасына байланысты шаттастырылмаған зейнетақыға ерте шығуды жорамалдайды. Адам 40-45 жасқа толғанда «қарттығы бойынша» деген ұнамсыз анықтамамен зейнетақы рәсімдеу әдетке жата ма екен? Зейнетақыны қалыптастыратын құрастырушыларға және оны алатын уақытына негіздеп, орташа зейінсіз еңбеккер тапқан қамсыздандырудың бұл түрін, әлеуметтік зейнетақыдан айырмашылығын «еңбек зейнетақысы» деп бөле бастады. Өкінішке орай, «қарттығына байланысты берілетін зейнетақы» түсінігі осы жүйені реформалауға байланысты келесі құжаттарға көшті. Келесі қадам 1995 жылы бекітілген Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы болды, ал 1997 жылы «ҚР-да зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы қабылданды. Келесі үш жыл – аралас үлгі бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің яғни мемлекеттік – жеке меншіктің қалыптасуы және жұмыспен өтеу кезеңі. Енгізілген жүйенің мақсаттарымен мыналар анықталады: тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, зейнеткерлердің тұрмыс деңгейіне арттыру және елдегі бюджет – қаржы теңгерімділігін қамтамасыз етуге қатысу. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы жүйесін қолдану әлеуметтік тұрақтандырудың және қаржы делдалы екі жақты атқарылымнан көрінеді.

Қазақстан Республикасы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің құрылымдық сұлбасы 2

Зейнетақы қорларының міндеттері, сондай-ақ, салымшыларға жыл сайын зейнетақы қорланымның күй-жайы туралы хабарлау да болып есептеледі. Қазіргі кезде жүйеде бір салымшыға бір дара зейнетақы шотына хабарлау шығыны 100 теңге шамасын құрайды.

2015 жылға дейін еліміздің жинақтаушы зейнетақы қоры бұрынғыша және толыққанды болып қала бермек. Қазақстанның зейнетақы жүйесі бірқатар қағидаларға сүйенеді. Оның бірі – қорланымның қайтарымдылығы. Бұл қағиданың нәтижесі қазіргі еңбек істеп жүрген ұрпақтың зейнетақы алған кезде беріледі. Келесі қағида – зейнетақы аударымдарының міндеттілігі. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар аударылуының толықтығы мен уақыттылығын салық органдары бақылайды.

Зейнетақы жүйесінің маңызды қағидасы – еңбек еткеннен кейінгі өмірге жеткілікті соманы жинақтай алмаған оның қатысушыларына мемлекеттік көпшілікті сақтау. Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің эволюциясы үдерісінде дамуының әрбір кезеңінде өзіне тән проблемалар туындайды. Бастапқысында олар ұйымдық сипатта болады. Жұмыс істейтін адамдардың барлығы да олардың жалақысының бір бөлігі қайда, қандай қорға жіберілетінін, қандай қорды тандап алу керектігін білмеді. Мұндай жағдайда халықтың көпшілігі Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының яғни үлкен үлкен жүйедегі қордың мемлекетке көп сенетіндігі себебінен салымшылары болды.

Зейнетақы қорлары әрдайым келесі операцияларды жүргізіп отырады:

- зейнетақымен қамтамасыздандыруға құқығы бар адамдармен зейнетақы келісімшарттарын жасасу;
- салымшыларға жеке зейнетақы шоттарын ашу;
- түсетін зейнетақы жарналарын есептеу;
- комиссия сыйақысын алу;
- басқа қорлардағы қорланымдарды аудару;
- қате аударылған жарналарды аудару;

- зейнетақы қорларының жай-күйі туралы ақпарат беру;

2.3 Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің проблемалары

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің ошақтығы, ел экономикасының жалпы өрлеуі, ұлттық валютаның нығайып, мемлекеттік бюджет тапшылығының төмендеу жағдайында зейнетақы қорларының нақты табыстылығы да өте төмен болады. Зейнетақы қорларының инвестициялық қызметі 2005 жылдың 1 қаңтарына нақты табыс коэффициентінің 3,13 – ке дейін төмендеуімен сипатталады. Бұл біріншіден, инфляцияның жоғары деңгейімен түсіндіріледі: 2005 жылдың 1 қаңтарына ол 6,7 пайызды құрады. Екіншіден, қаржы нарығындағы барлық санаттар бойынша табыстылықтың төмендеуімен.

Сөйтіп, зейнетақы қорларының теріс табыстылығына жүйелік себептер (инфляция, ақшаның құнсыздануы, теңге бағамының көтерілуі, құралдар тапшылығы, барлық қаржы құралдары бойынша табыстылықтың төмендеуі) әсер етті.

Қазіргі зейнетақы активтерін инвестициялаудың басты проблемасы қаржы құралдары ұсынылы өсуінің зейнетақы қорларының өсуінен қалып қоямы болып отыр. Шетелдің құнды қағаздарына жұмсалым лимитін арттыруға қол жеткізген зейнетақы қорлары, құнды қағаздарды жақын шетелдерге инвестициялауға болады деп санайды.

Зейнетақы қорларының тиісті тәуекел – менеджментінің болмауы зейнетақы қорларының тәуекелдік бағыты тұрғысынан біле тұра сапасыз элементтерді іріктеуге әкеледі. Бағалы қағаздар нарығына жемқорлық пен айналысқа пайда болуымен қаржы нарығының бұл сегменті тіпін қадағалау атқарылуы мейлінше қатаң болуы тиіс.

Қазақстанның зейнетақы жүйесінің проблемасы, әрі ерекшелігі, зейнетақы қорын көбінесе қызметкер емес, жұмыс беруші тандайды. Бұл түрлі нысанда жүреді, мысалы, жұмыс беруші қызметкерлердің атынан берілген сәтте келісімшарт бланкілері бар қормен у – ілгісиз келісімшарт

жасайды немесе қор өкілдерімен, оның қызметкерлері жұмыс берушіге мүлкін қор құрыптайшылығына көрсететін қандай да болмасын қызметкердің осы қордың айырбасқа ұсынған салымшылары болып есептелінетіне жасырын келіседі.

Жұмыс берушінің қызметімен байланысты басқа проблема – міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы аудармау. Және де, онымен салымшыны инвестициялық табыстан айыру.

Назар аударылған жеке проблема, бұл - әйелдер мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтығандарының зейнетақыларының төмендігі. Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында (2005 ж) зейнетақы базасының зейнетақы мөлшерінің артатыны жөнінде айтты, алайда мұндай шара барлық зейнетақыгерлерге де қатысты. Ал әйелдерге жеке көңіл бөлу керек, өлі жасалмаған зейнетақы есептеудің басқа тәсілдері қажет.

Теріс табыстылыққа айналатын зейнетақылық активтер мен активтерді инвестициялау проблемалары, қаржы нарығындағы дағдарыстың себептерімен түсіндіріледі: артық ақша көлемінің қысылымен, мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығын дағдарыс деңгейінен төмен құлдырауға әкелетін мемлекеттік облигациялар нарығында қаржы институттары тарапынан бәсекелестіленіп, бағалы қаржы институттарының тапшылығымен; қаржы құралдары өтемпіздігінің төмендігімен. Зейнетақы ирлары активтерінің көлемдері, мемлекет пен жеке меншік секторы тарапынан құралдарды ұсыну көлемдеріне қарағанда әлдеқайда тезірек өседі – бұл бағытта ЖЗҚ мен мемлекет бірлескен күші салулары керек.

Инвестициялар арасындағы бәсекелестіктердің жоғары деңгейі, сондай – ақ ішкі нарықтағы ақша ұстанымының үлкен көлемі зейнетақы активтерін инвестициялаудан болатын ағымдағы пайдалылық инфляция деңгейінен төмен болып шығуына әкеледі. Бұл қаржы құралдарына ақша салынған сәтте, олар залалды болады деп жобаландану табиғи. Алайда кез келген қаржы

құралдарының бағалары сатып алынған сәттегі деңгейінде сақталмайды.

Құнды қағаздар нарығындағы бағалар нарық жағдайына байланысты болады.

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін еліміздің халықпен зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі дербес департамент немесе комитет құру қажет алдағы уақытта. Елімізде тұрақты экономикалық өсуді қолдау ұзақ мерзімді инвестицияларды, халықтың ақшалай қаражаттарын сақтау мен көбейтуді, жаңартпалы қызмет пен күрделі құрылысты жүргізуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына жолдауында бәсекелестікке қабілетті елу елдің ішіне кіру үшін ең алдымен әлеуметтік жағдайды қалыптастыру қажет деп атап өтті. Мұның ішінде ең маңыздысы – зейнетақы қоры болып табылады. Яғни қазіргі уақытта әйел адамдардың зейнеткерлік жасы – 58 жас болып табылса, ал ер адамдарды – 63 жас деп танып отыр. Келешекте мек балалы аналарды 53 жас деп қарастырылуда. Бұл 5 жылға көпті бүкіл Қазақстандықтар үшін зейнеткерлерге қолдау болып табылады.

Сондықтан, зейнетақы жүйесі дамуының берілген кезеңінде экономиканың тек қана зейнетақы қорлары, шаруашылық жүргізуші субъектілер атынан салымшылар мен экономиканың нақты секторының субъектілері мүдделерінің жақындасуы ғана емес, сонымен бірге олардағы іс-әрекеттерінің үйлесімділігіне қол жеткізу қажет.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен ағымдағы төмен пайдалылық (инфляциялық деңгейінен төмен) экономиканың нақты секторына қаражат тартуға, экономиканың әртараптануына жағдай жасайтын 2003 – 2015 жылдарға Қазақстан Республикасының Индустриялық – инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Жалпы зейнетақы қорларының даму зейнеткерлер үшін, мемлекет үшін, қоғам үшін, мемлекеттің экономикасы үшін ортадақ бюджет саясатының қалыптасуына әкеледі. Мұның өзі әлеуметтік проблемалардың шешу көзінің нағыз ошағы болып отыр. «Әлеуметтік қорғау – халықтың аман – саулығының негізі» - деп елбасымыз айтқан еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Алыбаев А. Накопительная пенсионная система Казахстана: цифры, факты, комментарий. Алматы 2000
2. Аналитический отчет « Финансовый сектор, состояние проблемы и перспективы» Ассоциация финансистов Казахстана. 2005
3. Баймуратов Бұқаралық ақпараттар құралдары
4. Дереккөз: Баймуратов У.Б., Тупалбаев К.П. «Пенсионная реформа: итоги, проблемы : Банки Казахстана» 2002. 7
5. Дереккөз: «Статистический ежегодник Казахстана» 2004 Под ред. Абдиева К.С. Алматы 2004
6. Жолдау 2008 жылы 8 ақпан
7. Нутманова К.К. Неправительственные организации – базисная основа гражданского общества. Казахстан – Спектр. Научный журнал 2003.4
8. Нурлығанбетова Е.Т. « Анализ рынка пенсионных услуг Казахстана по итогам первого квартала 2004 года. Рынок ценных бумаг Казахстана. Май 2004
9. Саханов Н.У. « Аналитический обзор. Уровень и структура влияния неправительственных организаций в Казахстане» спектр развития 2004.1
10. « Қазақстан қаржы нарығы » Алматы . Экономика. 2007